

NIS Conference мобильді қосымшасын  
пайдалану бойынша



**НҰСҚАУЛЫҚ**

## Мазмұны

1. NIS Conference мобильді қосымшасын қалай орнатуға болады.....2
2. NIS Conference мобильді қосымшасында қалай тіркелуге болады .....3
3. Кестені қалай көруге болады.....7
4. Спикерге қалай сұрақ қоюға немесе конференциядағы сөзді талқылауға болады ....9
5. Конференция өтетін орынды және дұрыс залды қалай табуға болады .....10

## 1. NIS Conference мобильді қосымшасын қалай орнатуға болады


XIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мобильді қосымшасы Android және iOS операциялық жүйесі бар мобильді құрылғыларға жүктеу үшін қолжетімді. Жүктеу үшін құрылғыңызға тиісті Google Play немесе App Store қосымшасына кіру керек. Әрі қарай іздеу жолағына NIS Conf қосымшасының атауын теру қажет. Көрсетілген қосымшалар тізімінде XIII NIS Conference-ті таңдау керек.




Қосымша тегін және еркін қол жетімді. Әрі қарай, құрылғының экранындағы нұсқаулықтарға сәйкес қосымшаны жүктеп, орнату керек.


## 2. NIS Conference мобильді қосымшасында қалай тіркелуге болады

Мобильді қосымшаны орнатқаннан кейін жұмысты бастау үшін жүйе тіл таңдауды ұсынады. Қосымшада әрі қарай жұмыс істеу үшін ұсынылған тізімнен қажетті тілді таңдау керек. Тілді кейінірек параметрлерде өзгертуге болады.




Қосымшада жұмысты жалғастыру үшін гиперсілтеме бойынша өтіп, пайдалану шарттары және құпиялылық саясатымен танысу қажет. Жалғастыру үшін «Мен пайдалану шарттары және құпиялылық саясатын қабылдаймын» жолағы жанына белгі қою керек.







Әрі қарай Сіз конференцияның сипаттамасы мен жалпы ақпаратын көре аласыз.




Іс-шараға тіркелу және қатысу үшін ID (бірегей сәйкестендіргіш) алу қажет. Жаңа пайдаланушыларға «Менде ID жоқ» тармағын таңдау керек.




Әрі қарай, аты-жөніңіз, тегіңізді көрсетіп, Жалғастыру түймесін басыңыз.




Келесі тіркеу парағында қолданыстағы электронды почтаңызды теріп, ID алу батырмасын басу қажет.



Бұдан әрі тіркеу формасында көрсетілген поштаға жеке ID көрсетілген (6-таңбалы нөмір) хабарлама келеді. Алынған ID нөмірін қосымша парақшасына енгізу қажет.




ID нөмірін енгізгеннен кейін тіркелуді растайтын мәтін шығады және қосымша мәзірі ашылады.




### 3. Кестені қалай көруге болады

Конференция кестесін көру үшін қосымша мәзірінен тиісті бөлімді таңдау керек.




Бұдан әрі барлық пленарлық отырыстар мен секциялар, сондай-ақ олардың өтетін уақыты көрсетілген кесте парақшасы көрсетіледі. Интерфейсте 21 қазан/ 22 қазан күндерін таңдау мүмкіндігі бар. Қажетті бөлімді ашып, ақпаратпен егжей-тегжейлі таныса аласыз.






Ыңғайлы болу үшін қызығушылықтар бойынша сүзгі батырмасын пайдалана

аласыз - .

Сондай – ақ, егер сіз тақырыптың оң жағындағы жұлдыз белгішесін іске қосу арқылы Таңдаулылар бөлімін қоссаңыз, оған Таңдаулылар бөліміне өту арқылы жылдам қол жеткізуге болады.

#### 4. Спикерге қалай сұрақ қоюға немесе конференциядағы сөзді талқылауға болады

Конференция спикеріне сұрақ қою үшін кестеге кіріп, қажетті секцияны таңдау қажет. Мұны трансляция кезінде де жасауға болады - баяндама суреті мәзірдің жоғарғы жағында көрсетіледі. Әрі қарай, Талқылау бөліміне өтіңіз.



Талқылау бөліміндегі мәтін жолағына хабарлама мәтінін енгізіп, оны жіберу керек. Спикер сіздің сұрағыңызды көреді немесе секция модераторы оны спикерге жеткізеді.

## 5. Конференция өтетін орынды және дұрыс залды қалай табуға болады

Конференция өтетін орынды және қалаған залды табу үшін «Карта мен сызба» бөліміне кіру керек. Әрбір қабаттың сызбасын үлкейтіп толығырақ қарастыруға болады

